5-күн	27.11. Дене шынықтыру Тақырыбы: Мерген болғым келеді Мақсаты: Допты сапта тұрып кеуде тұсынан алысқа алдыға, жоғары лақтырады. Еденде иректеліп жатқан жіп үстімен басына құм салынған қапшықпен қолды екі жаққа созып, тепе-теңдік сақтап жүреді.	Сауат ашу негіздері Тақырыбы: Б дыбысы. Мақсаты: «Б» ұяң дауыссыз дыбысын сөз ішінен орнын анықтайды. Өткен дыбыстарды қатыстырып,сөз құрайды.	Жаратылыстану Тақырыбы: Өсімдіктерге өсу үшін не қажет? Мақсаты: Өсімдіктердің өсуіне қажетті жағдайларды атайды және өсімдіктердің адам үшін маңызын әңгімелей алады.	Сурет салу Тақырыбы: Гүлдене бер, Қазақстан! (Акварель бояу) Мақсаты: Көз алдына елестету арқылы сурет салады және өз ойларын суретте жеткізе алады.	

Өтпелі тақырып:Табиғат әлемі. Желтоқсан айы.

Мақсаты:

- Тәрбиеленушілерді табиғаттың адам өміріне маңызын түсіндіру,табиғат аясында өсімдік

пен жануарларды күте білуге үйрету.

Міндеттері:

- Балаларды айнала қоршаған өмірмен таныстыру, тәсілдерімен қасиетін сезінуге қалыптастыру.
- Балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру. Табиғаттың сұлулығына қызықтыру сезімін ұялату.

30.11-04.12.2021ж

1-апта	Денсаулық (3-сағат) Дене шынықтыру-(2,5с) Қауіпсіз мінез-құлық негіздері –(0,5с) Вариативтік компонент денсаулық тамшысын құрау (1)	Қатынас-5 Сөйлеуді дамыту (1) Сауат ашу негіздері (2) Орыс тілі (1) Вариативтік компонент Ертегілер елінде(1с)	Таным (2,5) Математика негіздері (1с) Құрастыру (0,5с) Жаратылыстану (1с)	Шығармашылық-5 Сурет салу-(1с) Мүсіндеу-(1с) Жапсыру-(1с) Музыка-(2с) Вариативтік компонент «Аялы алақан» (тұзды қамырдан мүсіндеу)	Әлеумет -1,5 Өзін-өзі тану(1с) Қоршаған ортамен танысу (0,5)
1- күн		30.11. Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Қысқадайындық. (Ертегі) (Максим Зверев). Мақсаты: Ертегіні мазмұны бойынша келген жерінен жалғастырып айтады,сұрақтарға жауап береді.Дыбыстардың дыбысталуын ажыратады.	Математика негіздері Тақырыбы: Шар, текше, цилиндр. Мақсаты: Көлемді геометриялық фигуралармен танысады,және атауларын дұрыс атайды.	Музыка Тақырыбы: «Егеменді елім» Мақсаты: Бірғақты ,мәнерлі қимылдарды,әнді және үйренген би қимылдарын әуенге ілесе отырып орындай алады. Вариативтік компонент Аялы алақан Тақырыбы: Үй жануары «Қозы» Мақсаты: Әртүрлі геометриялық денелерден қозы бейнесін	

				кұрастырып, мүсіндей алады.	
2-күн	<p>01.12. Дене шынықтыру Тақырыбы: Тақырыбы: Әкем, анам және мен! Мақсаты: Гимнастикалық қабырғаның жоғарғы жағына дейін біраттас тәсілмен қол мен аяқ қозғалыстарының үйлесімділігімен өрмелейді. Өзінің және отбасы мүшелерінің денсаулығына қамқорлықпен қарайды.</p>	<p>Сауат ашу негіздері Тақырыбы: С дыбысы Мақсаты: «С» қатаң дауыссыз дыбысымен танысады, сөзге дыбыстық талдау жасайды, с дыбысынан басталатын сөздерді атап, суретпен жұмыс жасайды.</p>		<p>Мүсіндеу Тақырыбы: Шана Мақсаты: Шананы мүсіндеудің әдіс-тәсілдерін, жасалу жолын біле отырып мүсіндей алады.</p>	<p>Өзін-өзі тану Тақырыбы: Адал дос Мақсаты: Достарын атымен атайды және бір-біріне адалдық сезімін білдіреді достық қарым-қатынас жасай алады.</p>
3-күн	<p>02.12. Дене шынықтыру Тақырыбы: Отбасымызбен бірге жаттығамыз Мақсаты: Балаларқысқа секіртпемен айналдыра және тік, адымдарды алмастырып секіреді. Гимнастикалық қабырғаның жоғарғы жағына дейін біраттас тәсілмен қол мен аяқ қозғалыстарының үйлесімділігімен өрмелейді. Вариативтік компонент Денсаулық тамшысын</p>	<p>Көркем әдебиет Тақырыбы: Тәуелсіз Қазақстан (өлеңмен таныстыру) Оразақын Асқар Мақсаты: Нұр-Сұлтан қаласына сурет бойынша саяхат жасап, өз елтаңбамыз, туымыз әнұранымыз бар екендігін түсініп, өлеңді мәнермен айта алады.</p>		<p>Музыка Тақырыбы: «Егеменді елім» Мақсаты: Шығармалардың эмоциялық мазмұнын көңіл-күйін ажыратады, музыкалық тіркеске сәйкес би қиымылдарын өзгертіп орындай алады.</p>	

	<p>кұрау Тақырыбы: Көбелекті ұшырамыз. Мақсаты: тыныс алу жаттығуларының элементтерін қайталап, тыныс алу жолында бұлшықет кедергілеріне, иық және мойын бұлшық еттеріне қысым түсірмей, онда еркін тыныс алып, сөйлей алады.</p>				
4-күн		<p>03.12. Русский язык. Тема: Я умею считать до 10 Цель урока: Формировать умения считать в пределах 10, продолжать учить вступать в диалог с педагогом и сверстниками, развивать голосовой и артикуляционный аппарат, четкую дикцию, внимание, память. Вариативтік компонент Ертегілер елінде Тақырыбы: Алтын балық Мақсаты: Ертегіні мазмұндап, байланыстырып сөйлей алады жағымды, жағымсыз қасиеттерді ажыратады.</p>		<p>Жапсыру Тақырыбы: Қуыршаққа арналған көйлек. Мақсаты: Қағазды бүктейді және көйлек пішінін қиып, жапсыра алады.</p>	<p>03.12. Қоршаған орта Тақырыбы: Менің Отаным – Қазақстан. Мақсаты: Отанын, жерін суын сол жер атауын атайды және еліміздің үлкендігін, байлығын танып, Отаның, туған жерін құрметтей алады.</p>

5-күн	<p>04.12. Дене шынықтыру Тақырыбы: Отбасылық альбом Мақсаты: Балалардопты оң және сол қолдың саусақ ұштарымен еденге кезекпен ұрады. Бір құрсаудан екінші құрсауға бір және екі аяқпен ептілікпен шапшаң секіреді.</p>	<p>Сауат ашу негіздері Тақырыбы: С дыбысы Мақсаты: «С» дыбысынан келетін сөздерді сызба бойынша бөле алады.</p>	<p>Жаратылыстану Тақырыбы: Табиғат бұрышын мекендеушілерді білесің бе? Мақсаты: Жанды табиғат бұрышын мекендейтін жануарлардың бірнеше түрін атап көрсетіп, олардың өздеріне тән ұқсатығы мен айырмашылығын және тіршіліктері туралы ажыратып айта алады.</p>	<p>Сурет салу Тақырыбы: Ертегідегі құс (Акварель бояу) Мақсаты:Құстардың бейнесін қағаз бетіне түсіреді және оларға қамқорлық таныта алады.</p>	
2- апта	<i>07.12.-11.12.2021ж</i>				
1- күн	<p>07.12. Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Алғашқы қар.М.Жаманбалинов Мақсаты: Жаттаған өлеңінің тақырыбы мен авторын біледі және сурет бойынша әңгімелейді және дауыссыз дыбыстардың дыбысталуын анық айтады.</p>	<p>Математика негіздері Тақырыбы: Үстінде – астында. Ішінде – сыртында. Алдында – артында. Оң жақта – сол жақта Мақсаты: Кеңістіктік қарым-қатынастарды орната алады, жоғары – төмен, оң жақ – сол жақ, ортасында, арасында; ұғымдарын ажыратады.</p>	<p>Музыка Тақырыбы: «Қысқы ормандар» Мақсаты:Әннің ырғақтық бейнесін және даусын дұрыс келтіріп,әнді орындайды. Вариативтік компонент Аялы алақан Тақырыбы: Көжектер Мақсаты:Әртүрлі көлемді цилиндр пішіндерден құрастыру тәсілімен көжекті мүсіндейді.</p>		

2-күн	<p>08.12. Қауіпсіз – мінез құлық негіздері Тақырыбы: Өзіңе де өзге адамдарға да көмектес Мақсаты: Өзіңе және өзге адамдарға көмектесе алады және жарақаттанған кезде алғашқы жәрдем қызметінің телефон нөмірін атайды.</p>	<p>Сауат ашу негіздері Тақырыбы: н дыбысы Мақсаты: "н" үнді дауыссыз дыбысымен танысады,; құрамында н дыбысы бар сөздерді айтады,дыбыстық талдау жасап,буынға бөледі.</p>		<p>Мүсіндеу Тақырыбы: Аққала соққан бала. Мақсаты: Ермексазды алақанға салып айналдырыра алады, әртүрлі көлемдегі домалақтар жасайды және оларды өзара біріктіріп аққала мүсіндейді.</p>	<p>Өзін-өзі тану Тақырыбы: Достық бірлікте Мақсаты: Достық бірлікте, қамқорлық жасап , отбасында, мектепте бірлікте, ынтымақшыл, ұйымшыл бола алады.</p>
3-күн	<p>09.12. Дене шынықтыру Тақырыбы: Хоккей ойнап үйренеміз! (таза ауада) Мақсаты: Балалалархоккей мен бастапқы қалыпқа дұрыс тұруды үйренеді. Имек ағашпен жаттығулар орындайды. Вариативтік компонент Денсаулық тамшысын құрау Тақырыбы:</p>	<p>Көркем әдебиет Тақырыбы: Қойшы, түлкі және аю (қуыршақ театры) Мақсаты:қуыршақ театрымен қуыршақтарды басқара алады және ертегіні қуыршақтармен ойнау тәсілін орындай алады;</p>		<p>Музыка Тақырыбы: Қысқы орманда Мақсаты:Әуеннің сипатын қабылдап, даусын дұрыс келтіріп,әнді орындай алады.</p>	

	<p>Ғарышкерлер. Мақсаты: Сөзді, сөйлемді дұрыс айту үшін ауаны үнемді , үзіліс кезінде жұмсақ, естіртпей ауа «жинауға», жеңіл, әрі шынайы тыныс алып жаттығады және дем жұтып, дем шығаруды дұрыс кезектестіре реттеп ерікті түрде ақырын дем шығарып тыныс алу жаттығуларын жасай алады.</p>				
4-күн		<p>10.12. Руский язык. Тема: Моя Родина – Казахстан Цель урока: Составлять описательный рассказ, учить детей правильно строить предложение из 4–5 слов, отрабатывать четкое произношение слов и отдельных звуков, познакомить с пословицами. Вариативтік компонент Ертегілер елінде Тақырыбы: Сауысқан мен көкек Мақсаты: Ертегіні өз ойымен</p>	<p>10.12. Құрастыру Тақырыбы: Орманды мекендеушілер Мақсаты:Балалар табиғи материалдарды пайдаланып емен жаңғақты жануарлардың пішініне сәйкес ұқсастыра отырып бір-бірімен ермексаз арқылы жабыстырады және әртүрлі орман мекендеушілерін жасайды</p>	<p>Жапсыру Тақырыбы: Көлік. Мақсаты: Үлгі бойынша қиып,геометриялық пішіндерден көліктің бір түрі автобусты қиып жапсырады.</p>	

		әңгімелейді, ертегідегі ұнамды, ұнамсыз кейіпкерлерді ажыратады.			
5-күн	11.12. Дене шынықтыру Тақырыбы: Тату-тәтті баламыз! Мақсаты: Балалар жұптасып жаттығуларды орындайды. Гимнастикалық орындыққа секіріп мінеді.	Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «н» дыбысы Мақсаты: «н»үнді дауыссыз дыбысын қайталайды,ң дыбысын сөз ішінде дұрыс айтады.	Жаратылыстану Тақырыбы: Аквариумда не тіршілік етеді?Мақсаты: Аквариумда тіршілік ететін балықтардың бірнеше түрін атап,балықтардың өзіне тән белгілерін, қимылдарын бақылап және оларға күтім жасаудың қарапайым тәсілдерін орындай алады.	Сурет салу Тақырыбы: Менің сүйікті ертегім Мақсаты: Ертегі кейіпкерлері сюжетінен бір кейіпкерді қағаз бетіне түсіреді, кейіпкерлердің әртүрлі сезімдерін сурет арқылы бейнелей алады.	
3-апта	14.12-18.12.2021ж				
1- күн		14.12. Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Менің Отаным. (өлең) Дихан Әбілов Мақсаты: Өлең жолдарынан сөйлем түрлерін тауып,сұрақтарға жауап береді және туған өлкесі туралы әңгіме құрастырады.	Математика негіздері Тақырыбы: Қағаз бетінде бағдарлау Мақсаты: Кеңістіктік қарым-қатынастарды орнатады, кеңістіктік бағыттарды (жоғары, төмен, оң жақ, сол жақ) қағаз бетінде бағдарлайды.	Музыка Тақырыбы: «Орманда серуендейміз» Мақсаты: Дауысы мен есту қабілеттерін дамытуға арналған жаттығулардан қиын емес әуендерді 2–3 жақын үндестікте дауысын дәл келтіріп орындауға үйренеді. Вариативтік компонент Аялы алақан Тақырыбы: Түлкі Мақсаты: Үлгіге сүйене отырып, дайын пішіндерден басын	

				қысып, созып, тұмсығын созып үшкірлеп, денесіне біріктіріп түлкі мүсіндей алады.	
2-күн	<p>15.12. Дене шынықтыру Тақырыбы: Менің көңілді добым Мақсаты: Балалар допты бір қолмен (оң, сол) соғып тұзу жүреді. Екі тізенің ортасына допты қысып, екі аяқтарымен бір уақытта серпіліп секіреді.</p>	<p>Сауат ашу негіздері Тақырыбы: "Е" дыбысы Мақсаты: «Е» жіңішке дауысты дыбысымен танысады, сөзге дыбыстық талдау жасайды, е дыбысының сөздегі орнын табады .</p>		<p>Мүсіндеу Тақырыбы: Біздің аю Мақсаты: Аюдың өзіне тән ерекшеліктерін ажыратып, мүсіндейді.</p>	<p>Өзін-өзі тану Тақырыбы: Менің үйдегі достарым Мақсаты: Кішкентай достары туралы түсінік алып жануарларға қамқор болады және дәйексөзді меңгеріп алады.</p>
3-күн	<p>16.12. Дене шынықтыру Тақырыбы: Аулада ойнайтын ойындар (таза ауада) Мақсаты: Балалар айналып тұрған арқанның астымен түрлі тәсілмен шапшаң жүгіріп өтеді. Ұлттық ойынды жылдам орындайды, денесін тік ұстайды. Вариативтік компонент Денсаулық тамшысын құрау Тақырыбы: Кімнің ішінде не бар ойыны. Мақсаты: Тыныс алуы дем шығару кезінде денені көтермей, демді</p>	<p>Көркем әдебиет Тақырыбы: Мысық, әтеш және түлкі (ертегі) Мақсаты: Сурет бойынша ертегі мазмұнын, оқиға жүйесін сақтап баяндап, кездескен кейіпкерлердің қимылдарын жасай алады .</p>		<p>Музыка Тақырыбы: Орманда серуендейміз Мақсаты: Дауысы мен есту қабілеттерін дамытуға арналған жаттығулардан қиын емес әуендерді 2–3 жақын үндестікте дауысын дәл келтіріп орындауға үйренеді.</p>	

	бір тыныспен, тынысты үзіп шығаруға тыныс алып жаттығады және жасай алады.				
4-күн		<p>17.12. Русский язык. Тема: Зимние зарисовки Цель урока: Уметь рассказывать о признаках времени года зима, составлять рассказ, используя мнемотаблицу, повторить умение правильно строить предложения, произносить звуки русского языка, название зимних месяцев. Вариативтік компонент Ертегілер елінде Тақырыбы: Төлдердің айтысы Мақсаты: Балалардың төрт түлік мал төлдерін атайды және оларды ажыратады, төлдерге қамқорлық жасайды.</p>		<p>Жапсыру Тақырыбы: Домбыра Мақсаты: Бүктеп және симметриялы қию тәсілімен ұлттық ою-өрнек салынған музыкалық аспап домбыраны жапсырады.</p>	<p>17.12. Қоршаған орта Тақырыбы: Барлық мамандық қажет, барлық мамандық маңызды Мақсаты: Сурет бойынша мамандық түрлерін ажыратады, ол мамандықтың қандай қызметті атқаратынын және маңызды екенін әңгімелеп береді, мамандық иелерінің еңбектерін бағалайды және құрметтей алады.</p>
5-күн	<p>18.12. Дене шынықтыру Тақырыбы: Асықпен ойналатын ойындар Мақсаты: 2,5 м арақашықтықтағы көлбеу қойылған</p>	<p>Сауат ашу негіздері Тақырыбы: Е дыбысы Мақсаты: «Е» жіңішке дауысты дыбысын қайталайды. [е] дыбысынан келетін сөздер ойлайды және буынға бөледі.</p>	<p>Жаратылыстану Тақырыбы: Жануарлардың тіршілігі үшін не қажет? Мақсаты: Жануарлардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды атап береді; жануарлардың</p>	<p>Сурет салу Тақырыбы: Қолғап Мақсаты: Қолғапқа ою-өрнекті қолдана отырып, қолғапты сәндеп, әшекейлеп,</p>	

	нысанаға асықтарды лақтырады. лақтыру. Малдас құрып отырып, ұсақ заттарды (асықтарды) лақтырып, оны қайтадан қағып алады.		бәрінің тірі ағзаға жататынын ажырата алады.	суретін салады.	
4 - апта	21.12-25.12.2021ж				
1- күн		21.12. Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Қыс (А.Құнанбаев). Мақсаты: Өлеңмазмұны бойынша сипаттап әңгімелейді және «М» – «Н» дыбыстарының айтылуындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды ажыратады.	Математика негіздері Тақырыбы: Кеше, бүгін, ертең, бүрсігүні. Таңертең, күндіз, кеш, түн Мақсаты: «Ұзақтық» (Уақыт) ұғымдарымен танысады; уақытты сипаттайтын сөздердің атауларын ажыратып атай алады.	Музыка Тақырыбы: «Орманда серуендейміз» Мақсаты: Ән айту дағдыларын және би қимылдарын мәнерлі қолданады және әнді орындай алады. Вариативтік компонент Аялы алақан Тақырыбы: «Шыршаға арналған ойыншықтар» Мақсаты: Дөңгелек, сопақша пішіндер жасап және әшекейлеп шырша ойыншықтарын жасайды.	
2-күн	22.12. Қауіпсіз – мінез құлық негіздері Тақырыбы: Мен жүректуралы не білемін? Мақсаты: Жүректің атқаратын қызметін ,	Сауат ашу негіздері Тақырыбы: І дыбысы Мақсаты: «І» жіңішке дауысты дыбысымен танысады, і дыбысының сөздегі орнын анықтайды, заттардың атын		Мүсіндеу Тақырыбы: Қоян көжектерімен. (мазмұнды мүсіндеу) Мақсаты: Ермексазды үңгиді, ширатады,	Өзін-өзі тану Тақырыбы: Достық әлемі Мақсаты: «Достық» ұғымы, достық, татулық, бірлік ұғымдарын, өзара татулық сезімдерін

	адам өміріндегі жүректің негізгі мүше екенін біле алады.	атайды,сөзге дыбыстық талдау жасайды.		жымдастырадыәдіс-тәсілдерімен қоянды мүсіндейді.	жәнедостықты қадірлей алады.
3-күн	<p>23.12. Дене шынықтыру Тақырыбы: Хоккей ойнаймыз! (таза ауада) Мақсаты:Балалар шайбаны ілгері бағытта ұшырады. Арасы 1 м болатын конустар арасынан сырғанайды. Вариативтік компонент Денсаулық тамшысын құрау Тақырыбы: Доппен ойын Мақсаты: Қозғалыс ойындары кезіндегі қауіпсіздік ережелерін сақтап, дене бұлшық еттері шынығады.</p>	<p>Көркем әдебиет Тақырыбы: Күндіздегенбота (сахналау) Мақсаты: Ертегі мазмұны бойынша бала кейіпкер ретінде сахналауды орындайды.</p>		<p>Музыка Тақырыбы: «Қысқы әуен сыңғырлайды» Мақсаты:Музыка әуенімен дауыс жаттығуын жасайды,әнді орындайды және музыка қызыға тыңдап,сипатын ажыратады.</p>	
4-күн		<p>24.12. Русский язык. Тема: Подарки Деда Мороза Цель урока: Уметь образовывать слова во множественном числе по</p>	<p>24.12. Құрастыру Тақырыбы: Ою-өрнектер Мақсаты:Балалар қалдық материалдардың түрлерімен танысады және</p>	<p>Жапсыру Тақырыбы: Қысқы орман. Мақсаты:Қағазды жырту әдісін қолданып және ағаштардың бөлшектерін</p>	

		<p>теме , научить подбирать слова по смыслу, называть прилагательные, правильно ставить ударение при произношении слов; закреплять умение составлять рассказ по опорным картинкам, умение правильно строить предложения из 4–5 слов.</p> <p>Вариативтік компонент Ертегілер елінде Тақырыбы: Ең қымбат байлық Мақсаты:«Ең қымбат байлық» ертегісінің мазмұнын айтады және оны шынайы өмір мен байланыстырады, сұрақтарға жауап бере алады.</p>	<p>қалдық материалдар сым темірден ою-өрнектерді ию арқылы жасай алады.</p>	<p>қиып,жапсырады.</p>	
5-күн	<p>25.12. Дене шынықтыру Тақырыбы: Керуен Мақсаты:Балалар 3 м арақашықтағы көлбеу қойылған нысанаға заттарды лақтырады. үйрету. Өкшемен отырып, ұсақ заттарды (тастарды) лақтырып, оны қайтадан қағып алады.</p>	<p>Сауат ашу негіздері Тақырыбы:І дыбысы Мақсаты: «І» жіңішке дауысты дыбысын қайталайды, дұрыс айта білуге машықтанады, қолды жазуға дайындайды, суретті үлгіні салады,үзік сызықтарды бастырып жазып және бояйды.</p>	<p>Жаратылыстану Тақырыбы: Боран қай кезде соғады? Мақсаты: Қыста табиғатта болатын маусымдық өзгерістерді ерекшеліктерін бақылап ,атын атап бере алады және маусымдық өзгерістерді ажыратады;</p>	<p>Сурет салу Тақырыбы: Мерекелік отшашу және жаңа жыл мерекесі . Мақсаты: Салтанатты шерулерді және жақсы көңіл-күйді сурет арқылы бейнелей алады.</p>	

Өтпелі тақырып: «Мен және қоршаған орта» **Қаңтар айы.**

Мақсаты:- табиғатпен таныстыру, экологиялық тәрбие, тіршілік әрекетінің қауіпсіздік негіздерін қалыптастыру, адамдар және олардың мамандықтарымен таныстыру.

Міндеттері:

- Қоршаған ортаға жағымды қарым-қатынасты,оның қайталанбастығы мен әсемдігін түсінуді қалыптастыру.
- Табиғатқа қамқорлық қарым-қатынас дағдыларын,табиғатты сақтауға деген ынталарын және біліктеріне тәрбиелеу.
- Табиғатқа мейрімді,жанашырлық қарым-қатынас білдіредітабиғаттың сұлулығы баға жетпес құндылық,сондықтан оны қорғау қажет екенін ұғындыру.

28.12-30.12.2021ж					
1- апта	Денсаулық (3-сағат) Дене шынықтыру-(2,5с) Қауіпсіз мінез-құлық негіздері –(0,5с) Вариативтік компонент денсаулық тамшысын құрау (1)	Қатынас-5 Сөйлеуді дамыту (1) Сауат ашу негіздері (2) Орыс тілі (1) Вариативтік компонент Ертегілер елінде(1с)	Таным (2,5) Математика негіздері (1с) Құрастыру (0,5с) Жаратылыстану (1с)	Шығармашылық-5 Сурет салу-(1с) Мүсіндеу-(1с) Жапсыру-(1с) Музыка-(2с) Вариативтік компонент «Аялы алақан» (тұзды қамырдан мүсіндеу)	Әлеумет -1,5 Өзін-өзі тану(1с) Қоршаған ортамен танысу (0,5)
1- күн		28.12. Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Ажарлы қыс. (сурет бойынша әңгімелеу) Мақсаты: Сурет бойынша сөйлем құрап,олардың соңына тыныс белгісін қояды. «Ажарлы қыс» сюжеттік суреттер бойынша әңгіме құрастырады және құраған әңгімелері сөйлемнен, ал сөйлем сөзден құралатынын ажыратады.	Математика негіздері Тақырыбы: Апта күндері Мақсаты: Апта күндерінің атауларын рет-ретімен айта алады .	Музыка Тақырыбы: «Қысқы әуен сыңғырлайды» Мақсаты: Музыканы қызыға тыңдап сипатын ажыратады және даус жаттығуын жасап әнді орындайды. Вариативтік компонент Аялы алақан Тақырыбы: Дәмді бауырсақ Мақсаты: Геометриялық пішіндерден зат бейнесін құрап,мүсіндейді.	

2-күн	<p>29.12. Дене шынықтыру Тақырыбы: Наурызым қорығы Мақсаты: Балалар 2,5 м арақашықтықта бір-біріне доп лақтырып, ұшып келе жатқан допты қолды бүккен күйде қағып алады.Бөрене үстінде төрттағанда қол мен аяқты үйлестіріп еңбектейді.</p>	<p>Сауат ашу негіздері Тақырыбы: Ойын:Сөздер патшалығына саяхат Мақсаты:Сөздерді байланыстырып сөйлеуге үйренеді,дұрыс тыныс алуға ,дыбыстарды анық айтуға жаттығады.</p>		<p>Мүсіндеу Тақырыбы: Жіп орамымен ойнаған мысық. (Сюжеттік мүсіндеу). Мақсаты:Жануарлардың дене бөліктерімен геометриялық фигуралардың ұқсастығымен салыстырып,мысық бейнесін мүсіндей алады.</p>	<p>Өзін-өзі тану Тақырыбы: Сәлемдесе білемін Мақсаты: Кіммен қалай амандасып сәлемдесуді үйреніп,сәлемдеседі және бойындағы жақсы қасиеттерді көрсете алады.</p>
3-күн	<p>30.12. Дене шынықтыру Тақырыбы: Ержүрек құмырсқалар Мақсаты: Балалар шеңбер бойымен тізбектеле заттар арасымен (томаршалар) және заттарды аттап, орташа қарқынмен бағытты өзгертіп жүреді, жүгіреді. Гимнастикалық қабырғада әртүрлі тәсілмен өрмелейді Вариативтік компонент Денсаулық тамшысын құрау Тақырыбы: Допты зат арасымен домалатады. Мақсаты: Допты зат арасымен</p>	<p>Көркем әдебиет Тақырыбы: Жаңа жыл келді (өлеңдіжаттау) Сағи Жиенбаев Мақсаты: Өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап бере алады және өлең әдеби жанрдың бір түрі екенін ажыратады.</p>		<p>Музыка Тақырыбы:Қыс қызығы Мақсаты: Даусын дұрыс орындайды,ырғақты мәнерлі қимылдарды орындай алады.</p>	

	домалатады, жоғары лақтырып қағып алады, доппен ойындарды ойнай алады.				
2-апта	<i>11.01-15.01.2022ж</i>				
1- күн		11.01. Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Біз де ойнаймыз. (ертегі) Мәдіхат Төрежанов. Мақсаты: Ертегіментанысып, диалогты түрде сөйлеуді біледі және ертегінің мазмұнын және берілген дыбыстан басталатын сөз айтады.	Математика негіздері Тақырыбы: Ауыр. Жеңіл Мақсаты: Ауыр жеңіл ұғымдары арқылы заттардың салмағы мен өлшеуі туралы біледі	Музыка Тақырыбы: «Бұл қай кезде болады?» Мақсаты: Әннің сипатын қабылдайды, даусын дұрыс келтіріп отырып, әнді орындай алады. Вариативтік компонент Аялы алақан Тақырыбы: Кесе Мақсаты: Мүсіндеудің созады, тегістеуді, сылайды, техникалық әдістерін қолданады, тұзды қамырды дұрыс жасайды.	
2-күн	12.01. Дене шынықтыру Тақырыбы: Мультфильмдер әлемі Мақсаты: Балалар жүгіріп келе жатып тоқтайды,	Сауат ашу негіздері Тақырыбы: Сөйлем Мақсаты: Сөйлем туралы түсінік алады, суретке қарап сөйлемдер құрайды, сөйлем		Мүсіндеу Тақырыбы: Торғайлар Мақсаты: Құстардың дене бөліктерінің көлемдерін үйлестіре отырып, мүсіндей алады.	Өзін-өзі тану Тақырыбы Жақсылыққа жақсылық Мақсаты: Адамдар мен жағымды қарым-қатынас құрады, және өзін, отбасын,

	<p>бағыттарын өзгертіп бір тізбекте жүреді, жүгіреді.</p> <p>Гимнастикалық қабырғаның бір сатысынан екінші сатысына диагональ бойынша адымдап өрмелейді.</p>	<p>сызбасын құрай алады.</p>			<p>достарын, табиғатын, Отанын сүйеді, аялап, қамқор болып, жақсылық жасай алады.</p>
3-күн	<p>13.01.</p> <p>Дене шынықтыру</p> <p>Тақырыбы:</p> <p>Біздің айналамыздағы әлем</p> <p>Мақсаты:</p> <p>Балалар шынтактарын бүгіп, қысқа адыммен және бірқалыпты ырғақпен жүгіреді, еркін бағытта фитболдарды (доптарды) домалатады.</p> <p>Тартылып қойылған 5 жіп арқылы екі аяқпен итеріліп, жерге аяқтың ұшымен түсіп кезекпен секіреді.</p> <p>Вариативтік компонент</p> <p>Денсаулық тамшысын құрау</p> <p>Тақырыбы:</p> <p>Допты жоғары лақтырып</p>	<p>Көркем әдебиет</p> <p>Тақырыбы:</p> <p>Шұбар тауық (театрландырылған ойын)</p> <p>Мақсаты:</p> <p>Балалар ертегіні театрландырылған қойылым арқылы, кейіпкерлердің іс-әрекеті мен дауыс ырғақтарын сәйкестендіріп орындай алады.</p>		<p>Музыка</p> <p>Тақырыбы:</p> <p>Бұл қай кезде болады?</p> <p>Мақсаты:</p> <p>Әннің сипатын қабылдайды, музыкалық ырғақтық қимылдарды орындай алады.</p>	

	үйренеміз. Мақсаты: допты бір қолымен лақтырып қағып алады және еденге соғып жүргізеді.				
4-күн		<p>14.01. Русский язык. Тема: Мои друзья Цель урока: Научить рассказывать о своих друзьях на русском языке, учить составлять рассказ по плану, познакомить с пословицами о дружбе, научить к доброжелательному отношению друг к другу. Вариативтік компонент Ертегілер елінде Тақырыбы: Көкөністер туралы ертегі Мақсаты: Ертегі кейіпкерлерін атай алады, ертегі мазмұнына кітапша жасайды.</p>		<p>Жапсыру Тақырыбы: Қысқы түн. Мақсаты: Үйдің бөлшектерін қиюды және тұрғын үйлерді жапсырады.</p>	<p>14.01. Қоршаған ортамен танысу. Тақырыбы: Тұрмыстық техника, оның қажеттілігі Мақсаты: Тұрмыстық техниканы қолдану ережесін дұрыс сақтай алады және тұрмыста қолданылатын заттарды олардың атқаратын қызметін, өмір қауіпсіздігі ережелерін және үлкендердің айтқан ескертпелерін ескеріп орындап өз өмірінде қолданады.</p>
5-күн	<p>15.01. Дене шынықтыру Тақырыбы: Африкаға саяхат Мақсаты: Арақашықтықтары бір-</p>	<p>Сауат ашу негіздері Тақырыбы: Сөйлем түрлері. Мақсаты: Сөйлем түрлері туралы түсінік алады, сөйлем</p>	<p>Жаратылыстану Тақырыбы Қыстап қалатын құстар немен қоректенеді? Мақсаты: Өз өлкесінде қыстап қалатын құстарды</p>	<p>Сурет салу Тақырыбы: Аязата Мақсаты: Сурет салу кезеңдерінің дұрыс ретін қолданып, Аяз атаның образдық бейнесін сала</p>	

	бірінен 80 см болатын кегельдер арасымен іші толтырылған доптарды саусақтармен допты жеңіл қозғап домалатып алып жүреді. Білектері мен тізелерін таянып еңбектейді.	түрлерін ажыратып,суретке карап,әңгіме құрайды.	атайды және құстарға күтім жасау тәсілдерін жасай алады .	алады.	
3- апта	18.01-22.01.2022ж				
1- күн		18.01. Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Ақсаққұлан (аңыз). Мақсаты: Л»-«Р» дыбыстарын буын арасынан естіп ажыратады.«Ақсаққұлан» аңызының мазмұны бойынша әңгімелейді.	Математика негіздері Тақырыбы: Заттарды салмағы бойынша салыстыру Мақсаты: заттарды қолға салып, көзбен салыстырып, қарапайым таразының көмегімен салыстыруды орындай алады.	Музыка Тақырыбы: Қыс келді Мақсаты: Өнді айтады,музыканың сипатына сәйкес қозғалады. Вариативтік компонент Аялы алақан Тақырыбы: Тышқандар Мақсаты: Тышқанның пішінін дене мүшелерін дәл беріп,мүсіндей алады.	
2-күн	19.01. Қауіпсіз – мінез құлық негіздері Тақырыбы: Сезім мүшелері Мұрын. Тыныс алу және иіс сезу мүшелері. Мақсаты: Көру, есту, сезу адамның ең негізгі көмекшілері екенін айтады,мұрын	Сауат ашу негіздері Тақырыбы: Ә дыбысы Мақсаты: «Ә»жіңішке дауысты дыбысымен танысады,зат атауларын атайды,суретте берілген сызба бойынша сөйлем құрайды.		Мүсіндеу Тақырыбы: Қуыршаққа арналған ыдыс Мақсаты: Геометриялық пішіндерді келтіре отырып,ыдыстарды мүсіндейді.	Өзін-өзі тану Тақырыбы: Түсіну мен кешіруді үйренеміз Мақсаты: Кешірім, түсіну сөздерінің мағынасын біліп және балалар жақсы қасиеттерді өз-ара қолдана алады.

	және иіс сезу мүшесін күтеді, дұрыс тыныс алуды қолданады,				
3-күн	<p>20.01. Дене шынықтыру Тақырыбы: Құрлықтар бойынша саяхат Мақсаты: Балалар іші толтырылған допты қолды алдыға, жоғары созып, ширақ сермеп, алысқа бір қолмен лақтырады. Вариативтік компонент Денсаулық тамшысын құрау Тақырыбы: Допты жерге соғу. Мақсаты: Алысқа бірнеше қадамнан допты лақтырадыжәне тура бағытқа көздеп лақтырады.</p>	<p>Көркем әдебиет Тақырыбы: Жақсы мен жаман (өлеңді жаттау) Рақым Тышқанбаев Мақсаты: Балалар өлең мазмұны арқылы жақсы мен жаманды ажыратады және өлеңді жаттап алады.</p>		<p>Музыка Тақырыбы: «Қыс келді» Мақсаты:Айтылған әннің мазмұнынын, мәтінін сипаттап бере алады және қайталапәнді орындай алады.</p>	
4-күн		<p>21.01. Русский язык. Тема: Домашние животные Цель урока: Формировать навыки составления рассказа по картине, расширять представления детей о домашних животных и их детенышах,</p>	<p>21.01. Құрастыру Тақырыбы: Көліктер Мақсаты: Балалар көлік түрлерінің негізі қызметін біледі, құрылыс материалдары (ағаштан пластиктен) мен«Лего»</p>	<p>Жапсыру Тақырыбы: Менің сүйікті ойыншығым. Мысық. Мақсаты: Үлгі қарап ұқыпты қияды және мысықтың бөліктерін рет-ретімен жапсырады.</p>	

		<p>закреплять умение правильно произносить звуки русского языка, слова во множественном числе.</p> <p>Вариативтік компонент Ертегілер елінде Тақырыбы: Еңбек пен безгек Мақсаты: Ертегіні тыңдап мазмұндайды және образға енеді.</p>	<p>конструкторларды пайдаланып, пішініне көлеміне қарай таңдайды және одан әртүрлі көліктер құрастырады.</p>		
5-күн	<p>22.01. Дене шынықтыру Тақырыбы: Байқоңыр Мақсаты: Балалар бірінші-екінші санағы бойынша санап, залдың ортасында екі тізбек құрып педагогтің бұйрығына сәйкес бағытты өзгертіп жүреді. 30 см биік заттар арқылы кезекпен секіреді.</p>	<p>Сауат ашу негіздері Тақырыбы:Ә дыбысы Мақсаты: Ә жіңішке дауысты дыбысын қайталайды, сөздерге дыбыстық талдау жасап, дыбыстарды бөлінуіне қарай текшелермен белгілейді.</p>	<p>Жаратылыстану Тақырыбы: Қар тоқтату жұмысы . Мақсаты: Қыстың белгілерін атап бере алады және судың: сұйық, қатты, газ тәріздес күйін қарапайым тәжірибе барысында көрсете алады.</p>	<p>Сурет салу Тақырыбы: Мерекелік дастарқан Мақсаты:Геометриялық пішінді қолдана отырып, дастарқанды әшекейлеп суретін салады.</p>	
4-апта	25.01-29.01.2022ж				
1-күн		<p>25.01. Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Су торғайы. (М.Зверевтің әңгімесі). Мақсаты: «Ж» – «Ш» дыбыстарын дұрыс</p>	<p>Математика негіздері Тақырыбы: Бүтін және бөлік Мақсаты: «Бүтін», «бөлік» ұғымдырымен танысады, бөліктерден бүтінді</p>	<p>Музыка Тақырыбы: «Айнала ақша қар» Мақсаты:Әуеннің жоғарғы – төменгі қозғалысын ажыратады әнді орындайды және</p>	

		артикуляциясы бойынша анық айтады және әңгімені бірізді айтып, сұраққа жауап береді.	құрастырады және бүтінді бөліктерге бөледі.	музыканың сипатына сәйкес қозғалады. Вариативтік компонент Аялы алақан Тақырыбы: Сырғалар Мақсаты: Тұзды қамырдан сырғаларды мүсіндейді және дайындалған сырғаны ою-өрнектермен әшекейлей алады.	
2-күн	26.01. Дене шынықтыру Тақырыбы: Шаңғымен жүру (таза ауада) Бір аяқпен ұзақ сырғи алады, кеңістікте бағдарланады.	Сауат ашу негіздері Тақырыбы: Ө дыбысы Мақсаты: "Ө" жіңішке дауысты дыбысымен танысады, сөзді атайды, сол сөздерге дыбыстық талдау жасайды..		Мүсіндеу Тақырыбы: Құмыра. Мақсаты: Ыдыстың пішіне қарай мүсіндеп, құмыраны тастармен әшекелейді.	Өзін-өзі тану Тақырыбы: Бәрі де татулықтан басталады Мақсаты: Отбасындағы татулық, отбасындағы өзара сыйластық, өзара татулық туралы әңгімелеп айта алады.
3-күн	27.01. Дене шынықтыру Тақырыбы: Жыл мезгілдеріне саяхат (таза ауада) Мақсаты: Қар кесегін қолды жоғары, алға белсенді шығара отырып, айналдыра қимылдату арқылы көлденең нысанаға сермеп	Көркем әдебиет Тақырыбы: Қарлығаш пен дәуіт (сахналау) Мақсаты: Театрландырылған қойылым арқылы ертегі желісін бұзбай, сахнада еркін қимылдап орындай алады.		Музыка Тақырыбы: «Айнала ақша қар Мақсаты: Әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажыратады және музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспен орындайды.	

	<p>лақтырады. Жалғыз аяқпен секіріп, екінші аяқпен допты теуіп жүргізеді.</p> <p>Вариативтік компонент Денсаулық тамшысын құрау Тақырыбы: Бумба – юмба тайпасы Мақсаты: <i>Дене мүшелерін қозғалысқа келтіріп, қимылды тез жасау арқылы балалар көңілденеді.</i></p>				
4-күн		<p>28.01. Русский язык. Тема: Домашние птицы Цель урока: Закрепить навыки понимания и использования слов во множественном числе, расширять и обогащать словарь по теме; закреплять умение употреблять в речи имена существительные в форме единственного и множественного числа, обозначающие домашних птиц и их детенышей (<i>утка – утки, утенок – утята</i>). Вариативтік компонент Ертегілер елінде Тақырыбы: Кім неден</p>		<p>Жапсыру Тақырыбы: Орамалды әшекейле. Мақсаты: Түстерді сәйкестендіріп сәндеу техникасы бойынша түрлі өлшемдегі үшбұрыштарды қияды, әшекейлеп, орамалды жапсыра алады.</p>	<p>28.01. Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: Жаяу жүргінші ережелері. Мақсаты: Жол ережесін сақтайды, үнемі жол белгілеріне назар аударып жүреді және көшеде, қоғамдық көліктерде, қоршаған ортада өзін дұрыс ұстап, тәртіпті қолданады.</p>

		күшті? Мақсаты: Балалар ертегі мазмұнын мәнерлеп айтады және диалогты сөйлейді.			
5-күн	29.01. Дене шынықтыру Тақырыбы: Жігіттер сайысы Мақсаты: Фитболды түрлі заттардың арасынан ирек жолмен алып жүреді. Хоп-фитболмен текшелердің арасымен арқаны тік ұстап секіреді	Сауат ашу негіздері Тақырыбы: Ө дыбысы Мақсаты: «Ө» жіңішке дауысты дыбысын қайталайды; сурет бойынша бірнеше сөйлем құрайды, жазуға жаттығады.	Жаратылыстану Тақырыбы: Үй жануарларының қандай пайдасы бар? Мақсаты: Үй жануарлары мен жабайы аңдардың төлдерін атап береді, түрлерін сипаттап бір-бірінен ажыратып, адамға әкелетін пайдасын қарапайым тәжірибе жасап зерігтей алады.	Сурет салу Тақырыбы: Қыстағы жапырақсыз қайың ағашы Мақсаты: Қыстағы жапырақсыз аққайың бейнесін, жапырақсыз ағаштың суретін салып бейнелей алады.	

Өтпелі тақырып: Ғажайыптар әлемінде. Ақпан айы

Мақсаты: Балалардың шығармашылық қабілеттерін ақыл-ой әлеуетін, ойлауын, қиялын дамытуға дербес әрекетке ұмтылысын белсенді әлеуметтенуін қалыптастыруға, адамгершілік және эстетикалық сезімдерін оятуға бағытталады.

Міндеттері:

1. Табиғаттағы қыс мезгіліндегі маусымдық өзгерістерді, ерекшеліктерін ажыратып айта білу дағдыларын қалыптастыру.
2. Балаларды өлі және тірі табиғат туралы, жан - жақты түсінік беру. Ойлау және сезіну қабілеттерін қалыптастыру.

3. Табиғатқа деген қамқорлыққа тәрбиелеу.

1- апта	01.02--05.02.2022ж				
	<p>Денсаулық (3-сағат) Дене шынықтыру-(2,5с) Қауіпсіз мінез-құлық негіздері –(0,5с) Вариативтік компонент денсаулық тамшысын құрау (1)</p>	<p>Қатынас-5 Сөйлеуді дамыту (1) Сауат ашу негіздері (2) Орыс тілі (1) Вариативтік компонент Ертегілер елінде(1с)</p>	<p>Таным (2,5) Математика негіздері (1с) Құрастыру (0,5с) Жаратылыстану (1с)</p>	<p>Шығармашылық-5 Сурет салу-(1с) Мүсіндеу-(1с) Жапсыру-(1с) Музыка-(2с) Вариативтік компонент «Аялы алақан» (тұзды камырдан мүсіндеу)</p>	<p>Әлеумет -1,5 Өзін-өзі тану(1с) Қоршаған ортамен танысу (0,5)</p>
1- күн		<p>01.02. Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Қыс қызықтары (Сурет бойынша әңгімеле) Мақсаты: Қыс мезгілінің қызықтарын айта отырып әңгіме құрайды,сөзге дыбыстық талдау жасайды,ертегі тыңдапжалғасы мен соңын құрастырады.</p>	<p>Математика негіздері Тақырыбы: Артық, кем, тең Мақсаты: «артық», «кем», «тең» ұғымдары қалыптасады және саны бойынша бірдей бөліктерді салыстыра алады.</p>	<p>Музыка Тақырыбы: «Бесік жыры» Мақсаты: Әнді музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындайды,музыканың сипатына сәйкес қозғалады. Вариативтік компонент Аялы алақан Тақырыбы: «Жүзік» Мақсаты:Әр түрлі геометриялық пішінде жүзік жасай алады.</p>	
2-күн	<p>02.02. Қауіпсіз – мінез құлық негіздері Тақырыбы:</p>	<p>Сауат ашу негіздері Тақырыбы:Ү дыбысы Мақсаты: "Ү" жіңішке дауысты дыбысымен</p>		<p>Мүсіндеу Тақырыбы: Кесе Мақсаты: Мүсінде созады, тегістейді,</p>	<p>Өзін-өзі тану Тақырыбы: Қонақ келсе қуаныш Мақсаты:</p>

	<p>Өкпе және бүйрек Мақсаты: Өкпе – тынысалу мүшесімен танысып тыныс жаттығуларын жасайды, денсаулықтарына күтіммен қарай алады. Бүйрек туралы айтылған кеңестерді есте сақтап бүйректің қызметімен танысады және өз денсаулықтарына күтіммен қарай алады.</p>	<p>танысады, сөздегі дыбыстық орнын табады, жуан және жіңішке дыбыстарды ажыратады, сөздерге сөйлем құрайды.</p>		<p>сылайды, әдістерін қолданып, кесені мүсіндей алады.</p>	<p>қонақ, қонақжайлық қонақты күтіп жағымды қарым-қатынас жасауға үйреніп, қолдана алады.</p>
3-күн	<p>03.02. Дене шынықтыру Тақырыбы: Ұлы есімдер Мақсаты: Балалар қатар-қатар қойылған таяқтардан екі аяқтап аттап секіреді. Заттарды тік нысанаға лақтырады. Вариативтік компонент Денсаулық тамшысын құрау Тақырыбы: <i>Орамжапырақ жаттығуы</i> Мақсаты: қолды жаттықтырады, демалып, бойды сергітеді.</p>	<p>Көркем әдебиет Тақырыбы: Бір уыс мақта (әңгіме) Ыбырай Алтынсарин Мақсаты: Балалар әңгіменің авторын, тақырыбын, мазмұнын айта алады, әдеби жанрдың түрін ажыратады.</p>		<p>Музыка Тақырыбы: Бесік жыры Әнді музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындайды, музыканың сипатына сәйкес қозғалады.</p>	

4-күн		<p>04.02. Русский язык. Тема: Дикие животные Цель урока: Научить описывать диких животных, ознакомить и расширить словарь за счет слов, обозначающих основные характеристики животных: злой, хитрый, трусливый, научить образовывать слова в уменьшительно-ласкательной форме, закреплять умение составлять словосочетания и простые предложения, используя названия цветов, величину (заяц маленький, белый и т.д.). Вариативтік компонент Ертегілер елінде Тақырыбы: Айлакер түлкі (саусақ театры) Мақсаты: Ертегі мазмұнын, кейіпкерлердің іс - әрекетін айтады, саусақтарын кейіпкерлердің іс - әрекетіне қарай икемдей алады.</p>	<p>04.02. Құрастыру Тақырыбы: Түлкі мен ешкі Мақсаты: Қағазбен жұмыс жасай отырып қағаз конустан ертегі мазмұны бойынша түлкіні ,ешкіні жасай білуге үйренеді және қағазбен жұмыс жасай отырып оларды күрделі емескомпозицияларға біріктіріпжасай алады.</p>	<p>Жапсыру Тақырыбы: Әжеме арналған қамзол. Мақсаты: Қиюдың түрлі тәсілдерін сәндік қолданбалы өнер элементтерін жапсыруда қолданады</p>	
5-күн	<p>05.02. Дене шынықтыру Тақырыбы:</p>	<p>Сауат ашу негіздері Тақырыбы:Ү дыбысы Мақсаты: «Ү» жіңішке</p>	<p>Жаратылыстану Тақырыбы: Өтеш қай кезде шақырады?</p>	<p>Сурет салу Тақырыбы: Атама арналған тымақ.</p>	

	<p>Желаяқтар» Мақсаты: Балаларқатар-қатар қойылған таяқтардан екі аяқтап аттап секіреді. Заттарды тік нысанаға лақтырады.</p>	<p>дауысты дыбысын қайталайды;сурет бойынша әңгіме құрайды,ү дыбысының сөздегі орнын табады,қолы жазуға жаттығады.</p>	<p>Мақсаты: Үй құстарының бірнеше түрін,басқа құстардан айырмашылығын атап береді және қандай өнім алатынын,тәжірибелік жұмыстардасалыстырып қорытынды жасайды</p>	<p>Мақсаты: Суреттің салу тәсілдерін қолданып,тымақ суретін салады.</p>	
2- апта	<i>15.02-19.02.2022ж</i>				
1- күн		<p>15.02. Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Қаңтар (өлең) (Әнуарбек.Дүйсенбиев). Мақсаты: Өлеңді жаттайды,өлеңнің ішінен дауыссыз дыбыстарды ажыратады.</p>	<p>Математика негіздері Тақырыбы: 10 көлемінде тура және кері санау Мақсаты: 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санай алады және бірді қосып және азайтуды үйренеді.</p>	<p>Музыка Тақырыбы: Менің туыстарым Мақсаты: Ән орындайды, музыканың сипатына сәйкес, қимылдар жасайды. Вариативтік компонент Аялы алақан Тақырыбы:Машина Мақсаты: Мүсіндеу тәсілдері домалақтайды,жалпақтайды әдісін қолдана отырып,машина бейнесін жасай алады.</p>	
2-күн	<p>16.02. Дене шынықтыру Тақырыбы: Батырлар (айналмалы жаттығуларды</p>	<p>Сауат ашу негіздері Тақырыбы: Л дыбысы Мақсаты: Л үнді дауыссыз</p>		<p>Мүсіндеу Тақырыбы: Менің сүйікті ойыншығым Мақсаты:Ойыншықтард</p>	<p>Өзін-өзі тану Тақырыбы: Мен көмекшімін Мақсаты: Досына,ата-</p>

	қолдану). Мақсаты: Жүгіріп келіп биіктікке екпінмен секіреді. Гимнастикалық қабырғада қиғаш өрмелеуге, түрлі тәсілмен түсуге жаттығады.	дыбысымен танысады,сөздегі дыбыстарды екпін түсіріп айтады, л дыбысы бар сөзге дыбыстық талдайды.		ы дұрыс пішініне ,түсіне, бөліктеріне қарай түрлі қалыпта мүсіндейді.	анасына,көмек жасап,қамқорлық танытады.
3-күн	17.02. Дене шынықтыру Тақырыбы: Мерген» Мақсаты: Балалар көлбеу тақтайға тепе-теңдікті сақтап жүгіріп шығады және түседі. Тік нысанаға заттарды лақтырып, тура ортасына тигізеді. Вариативтік компонент Денсаулық тамшысын құрау Тақырыбы: <i>Паравоз қорытынды жаттығуы</i> Мақсаты: Балалар бірінің артына бірі тіркеліп тұрып паравоз сияқты жүреді және өлең жолдарын қайталап айтады.	Көркем әдебиет Тақырыбы: Ұр, тоқпақ! (сахналау) Мақсаты: Ертегі кейіпкерлерін сомдап олардың іс-әрекетін өз ойларымен сахналай алады.		Музыка Тақырыбы: Менің туыстарым Мақсаты: Ән орындайды, музыканың сипатына сәйкес, қимылдар жасайды	
4-күн		18.02. Русский язык. Тема: Дикие птицы Цель урока: Повторить составлять короткое		Жапсыру Тақырыбы: Алдаркөсенің шапаны. Мақсаты: Қағазды әртүрлі формада	18.02. Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: Арнайы көліктер.

		<p>описание предмета, научить называть птиц и действия: клюет, каркает, чирикает, летает, закреплять умение называть числительные, правильно произносить звуки, ставить ударение.</p> <p>Вариативтік компонент Ертегілер елінде Тақырыбы: Қасқыр, түлкі, әтеш Мақсаты: балалар өз дауысын басқарады, өз ойын айтады, басқалардың пікірін тыңдайды.</p>		<p>жыртады және умаждап, әдісін қолданады, түрлі сызықтар арқылы жұмысты толықтырады</p>	<p>Жүк және жолаушылық көліктері. Мақсаты: Көлік түрлерін олардың атқаратын қызметін айтады, арнайы көлік түрін ажыратады және олардың олардың қызметін пайдалана алады.</p>
5-күн	<p>19.02. Дене шынықтыру Тақырыбы: Аңшылар Мақсаты: Балалар қол мен аяқтың қимыл үйлестіріп жерге жорғалайды, тізені жоғары көтеріп, тепе-теңдікті сақтап жүреді. Заттардың арасымен дұрыс жүреді.</p>	<p>Сауат ашу негіздері Тақырыбы: У дыбысы Мақсаты: «У» бірде дауысты, бірде дауыссыз дыбысымен танысады. «у» дыбысы бар сөзге дыбыстық талдау жасайды, сөздерден сөйлем құрайды.</p>	<p>Жаратылыстану Тақырыбы: Асыранды үй жануарларын қалай күтіп баптаймыз? Мақсаты: Балалар үйде асырайтын жануарлардың аттарын атап береді, оларға күтім жасау жолдарын және олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайлар туралы әңгіме құрастыра алады.</p>	<p>Сурет салу Тақырыбы: Қаршақыздың сүйікті достары: мысық, күшік Мақсаты: Қаршақыздың достарын атайды, жануарлардың суретін сала алады.</p>	
3- апта	22.02-26.02.2022ж				
1- күн		<p>22.02. Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Кеме (өлең)</p>	<p>Математика негіздері Тақырыбы: Заттар тобын салыстыру және санау</p>	<p>Музыка Тақырыбы: «Ақ әжем» Мақсаты:</p>	

		(Е. Өтетілеуұлы). Мақсаты: Жұмбақтар шешеді және өлеңді жаттап алады, өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді.	Мақсаты: Санау және салыстыру арқылы теңдік туралы ұғым қалыптасады.	Өн орындайды, сөздерді таза анық тыныс алып, бастап айтады, музыканың сипатына сәйкес қозғалады. Вариативтік компонент Аялы алақан Тақырыбы: Ұшақ Мақсаты: Үшкірлеп, жіңішке леп ширатады, тәсілмен ұшақты тұзды қамырдан мүсіндей алады.	
2-күн	23.02. Қауіпсіз – мінез құлық негіздері Тақырыбы: Тіл Мақсаты: Дәм сезуге арналған ойын қолданады, дәм сезу мүшелерін күтеді, тіл және оның атқаратын қызметін атай алады	Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «Ш» дыбысы Мақсаты: «Ш»-қатаң дауыссыз дыбысымен танысады, «ш» дыбысы бар сөздерге дыбыстық талдау жасайды, текшемен жұмыс жасайды.		Мүсіндеу Тақырыбы: Анама сыйлық Мақсаты: Сыйлық дайындауда, геометриялық фигуралардың үйлесімділігімен орамалды әдемі әшекейлеп, мүсіндей алады.	Өзін-өзі тану Тақырыбы: Мен шыншыл баламын Мақсаты: Өтірік пен шындық жайлы танып, өтірік жаман қасиет одан аулақ болады шындықтың ең жақсы қасиет екенін айта алады.
3-күн	24.02. Дене шынықтыру Тақырыбы: Қыстаудағы ойындар Мақсаты:	Көркем әдебиет Тақырыбы: Әже (өлеңді жаттау) Әбубәкір Қайранов Мақсаты:		Музыка Тақырыбы: «Ақ әжем» Мақсаты: Өн орындайды, сөздерді таза анық тыныс	

	<p>Балалар қатар-қатар 20-30-40 см көтеріліп қойылған сырықтардан бауырымен жорғалап өтеді. Сырықтан жалғыз аяқпен секіріп өткенде табанмен емес, аяқтың ұшымен итеріліп, жұмсақ қона алады.</p> <p>Вариативтік компонент Денсаулық тамшысын құрау Тақырыбы: Жунглидағы жаңбыр Мақсаты: <i>Ойыншылар олардың бүгінгі көңіл-күйлері неге (қай жыл мезгіліне, ауа райына, табиғаттың құбылысына) ұқсас екенін білдіре отырып денеге массаж жасайды.</i></p>	<p>Әже туралы өз ойларын және өлеңді жатқа айтады, әдеби жанрдан өлеңді ажырата алады.</p>		<p>алып, бастап айтады, музыканың сипатына сәйкес қозғалады.</p>	
4-күн		<p>25.02. Русский язык. Тема: Поможем гномам собраться на прогулку Цель урока: Научить детей описывать предметы одежды, называя цвет, кто носит эту одежду, учить отвечать на вопросы: Что это? Какого цвета?, закреплять умение</p>	<p>25.02. Құрастыру Тақырыбы: Киіз үй Мақсаты: Балалар киіз үй құрастыруда оның негізгі бөліктерін ажыратады және киіз үйдің бөліктері атауларын біледі, киіз үйді қамыстан,</p>	<p>Жапсыру Тақырыбы: Қайыңдағы қараторғай ұясы Мақсаты: Қиюдың түрлі әдіс-тәсілдерін қолданып, құстың ұясын және оның жеке бөліктерін қиып, жапсыра алады.</p>	

		согласовывать существительные с числительным, правильно произносить звуки русского языка. Вариативтік компонент Ертегілер елінде Тақырыбы: Қырыққабат пен алма Мақсаты: Жемістер мен көкөністер рөлін орындап диалогты сөйлейді.	сымнан ию, ағаштың қалыңдау бұталарын біріктіреді және жасай алады		
5-күн	26.02. Дене шынықтыру Тақырыбы: <i>Желді қуып жет!</i> <i>(таза ауада)</i> Мақсаты: Керілген баудың астына биіктігіне байланысты денені жинақтап өтеді. Айнала жүреді және педагог белгісімен түрлі қимылдар жасайды.	Сауат ашу негіздері Тақырыбы: Д дыбысы Мақсаты: «Д» дыбысы танысады, сөзге дыбыстық талдау жасайды, сөздердің ішінен «д» дыбысын тауып айтады, «д» дыбысы бар сөздермен сөйлемдер құрайды.	Жаратылыстану Тақырыбы: Алақай көктем келді! Мақсаты: Маусымдық өзгерістердің тірі табиғатқа тигізер ықпалын, табиғат құбылыстарының байланысын ажыратады, қарапайым тәжірибе жасап біле алады.	Сурет салу Тақырыбы: Қысқы табиғат Мақсаты: Қысқы табиғат құбылыстарының бейнесінде шуақты күнді салу арқылы көңілді, шуақты қыс бейнесін көрсетіп салады;	

Өтпелі тақырып: Салт-дәстүрлер және фольклор. Наурыз айы.

Мақсаты:

Қазақстан Республикасында тұратын қазақ және басқа халықтардың салт-дәстүрлерімен таныстыруға, адамдарға мейірімді және сыйластық қатынасты қалыптастыруға бағытталған.

Міндеттері:

- Әдет-ғұрып және салт-дәстүрлермен таныстыруды жалғастыру.

- Өз халқының мәдениетіне сүйіспеншілікпен танымдық қызығушылықты және құрметпен қарауға тәрбиелеу.
- Ұлттық мерекелер мен дәстүрлердің мерекелену себебі туралыбалалардың білімдерін қорыту және кеңейту.

1-апта	Денсаулық (3-сағат) Дене шынықтыру-(2,5с) Қауіпсіз мінез-құлық негіздері –(0,5с) Вариативтік компонент денсаулық тамшысын құрау (1).	Қатынас-5 Сөйлеуді дамыту (1) Сауат ашу негіздері (2) Орыс тілі (1) Вариативтік компонент Ертегілер елінде (1с)	Таным (2,5) Математика негіздері (1с) Құрастыру (0,5с) Жаратылыстану (1с)	Шығармашылық-5 Сурет салу-(1с) Мүсіндеу-(1с) Жапсыру-(1с) Музыка-(2с) Вариативтік компонент «Аялы алақан» (тұзды қамырдан мүсіндеу)	Әлеумет -1,5 Өзін-өзі тану(1с) Қоршаған ортамен танысу (0,5)
01.03-05.03.2022ж					
1- күн		01.03. Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Кім ақылды? (Әңгіме) Мәдіхат Төрежанов Мақсаты: Әңгіме мазмұнымен танысып, сұрақтарға тиянақты жауап береді ,сурет бойынша өз ойын айтады және буынға буын жалғап сөз құрайды, сөздерді буынға бөледі.	Математика негіздері Тақырыбы: Заттың бірнеше тең бөліктері Мақсаты: Затты бірнеше тең бөлікке бөлуарқылы «жарты» «үштен бір бөлік» «төрттен бір бөлік» ұғымдарын қолданады.	Музыка Тақырыбы: Ана – өмір шырағы Мақсаты: Әлемдегі ең асыл жан – анаға деген сезімдерін музыка арқылы жеткізе алады және бір дыбыста құрылған әуеннің бөліктерін дәл ырғағымен дербес орындайды, музыканың сипатына сәйкес қозғалады. Вариативтік компонент Аялы алақан Тақырыбы: Дастарқанды жаяйық. Мақсаты: ыдыстарды таңдап, оны әшекейлеп,	

				ою-өрнектер ойлап табады жаңа затты мүсіндей алады.	
2-күн	<p>02.03. Дене шынықтыру Тақырыбы: Жайлаудағы ойындар Мақсаты: Балалар 40-30-20 см биіктіктегі арқандардың астынан өте алады. Фитболды саусақ басымен ақырын күштемей түрлі бағыттарды алып жүреді.</p>	<p>Сауат ашу негіздері Тақырыбы:Ы дыбысы Мақсаты:«Ы» жуан дауысты дыбысымен танысады,сөздерге дыбыстық талдау жасайды, «ы» дыбысының артикуляциясын дұрыс қолданып, дұрыс айтады.</p>		<p>Мүсіндеу Тақырыбы: Тостаған. Мақсаты:Ермексаздан мүсіндеу әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, тостағанды әшекейлеп, мүсіндейді.</p>	<p>Өзін-өзі тану Тақырыбы: Мен елімнің кішкентай азаматымын! Мақсаты: «Азамат» сөзінің мағынасын түсініп,азамат болу ережелері туралы өз ойын жеткізе алады,</p>
